

**"Реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынудың үлгілік шарттарын бекіту туралы"  
Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019  
жылғы 19 наурыздағы № 145 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2021 жылғы 26 мамырдағы № 264 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 2 маусымда № 22898 болып тіркелді

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынудың үлгілік шарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 19 наурыздағы № 145 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18429 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Әуежайлардың реттелетін қызметтерін көрсетуге арналған үлгілік шартында:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Әуежайдың реттеліп көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеуді Тапсырыс беруші ақы төлеуге шот ұсынылған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде нақты реттеліп көрсетілген қызметтер үшін ақы төлеу жүргізілетін мемлекеттік авиация үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 23 мамырдағы № 562 ҚБП қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының аса маңызды ұшуларын ұйымдастыру және қамтамасыз ету қағидаларына сәйкес орындалатын ұшуларды қоспағанда, төлемге шот ұсынылған күнінен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде мәлімделген (келісілген) көрсетілетін қызметтердің көлемі құнының 100 %-ын алдын ала ақы төлеу шартымен жүргізеді.";

14-тармақтың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7) азаматтық әуе кемелерін пайдаланушы сертификатының қолданылу мерзімі аяқталған кезде әуежайға қолданыстағы пайдаланушы сертификатын ұсынуға міндетті.";

6-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"6-тарау. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары";

"17. Тараптар міндеттемелерін толық немесе ішінара орындамағаны үшін, сондай-ақ Шарт бойынша оларды орындауды кідірткені үшін, егер мұндайлар еңсерілмейтін күштің (көздеуге немесе жоюға мүмкін болмайтын зілзала апаты немесе өзге де мән-жайлар), сондай-ақ Шарттың талаптарын орындамауға немесе тиісінше орындамауға алып келетін әскери іс-қимылдардың, ереуілдердің және өзге де төтенше жағдайлардың салдарынан болып табылса, жауапкершіліктен босатылады.";

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Еңсерілмейтін күш мән-жайларына сілтеме жасайтын тарап басқа тарапқа еңсерілмейтін күш жағдайларының туындағаны туралы және аяқталуы туралы 48 (қырық сегіз) сағат ішінде хабардар етуге міндетті.";

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Егер тараптардың біреуі еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған күннен бастап күнтізбелік алпыс күннің ішінде Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындай алмайтын жағдайда болса, басқа тарап бірінші тарапқа шартты бұзған күніне дейін он жұмыс күнінен кешіктірмей бұл туралы хабарлап, Шартты бұзуға құқығы бар.";

20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"20. Пошта және банктік деректемелері өзгерген жағдайда, сондай-ақ басшы ауысқан кезде тарап бұл туралы басқа тарапқа көрсетілген өзгерістер пайда болған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде жазбаша хабарлауға міндетті.";

21-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"21. Шарттың талаптары тараптар үшін міндетті және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалады.";

22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"22. Шарттың талаптарын орындаудан біржақты бас тартылған жағдайда, тарап бұл туралы басқа тарапқа күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей жазбаша ескертуге тиіс.";

23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"23. Шарт тараптарда сақталатын және бірдей заң күші бар мемлекеттік және орыс тілдерінде екі данада жасалады.

Шарт мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер үшін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі аумақтық қазынашылық органдарында тіркеледі және шарт ол тіркелген күнінен бастап қолданысқа енеді.";

24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"24. Тараптардың Шарттан туындайтын және олар реттемеген қатынастары Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.";

25-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"25. Тараптардың келісімі бойынша Шарт осы Шартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа шарттармен толықтырылуы мүмкін.";

26-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"26. Шарт 20\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ сағат 00-00-ден бастап күшіне енеді және 20\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ 24 сағат бойы, ал тараптардың міндеттемелері бөлігінде оларды толық орындағанға дейін қолданылады.";

27-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"27. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда не Шарттың талаптары бойынша мерзімінен бұрын бұзылуы мүмкін.";

28-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"28. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда не Шарттың талаптары бойынша мерзімінен бұрын бұзылуы мүмкін.";

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Азаматтық авиация комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Индустрия және инфрақұрылымдық  
даму министрі*

*Б. Атамкулов*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрлігі